

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Бөлме өсімдігі-бонсай

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.07.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/158643/

Әлемдегі ең қызық өнермен өсірілетін бөлме өсімдігін білесіз бе? Ол ағаш екен. Бірақ, жай ағаш емес. Арнайы «бонсай» өнерімен өсірілген ағаш. Бонсай-жапон халқының өсімдіктерді кішірейтіп өсіру өнері. Жапон халқы қарағай, шырша, ақ қайың, арша және т.б ағаштарды қыш құмыраға отырғызып, бойын ұзатпай, бірақ ересек ағаштың қасиеттерін көрініс беретіндей ерекше тәсілмен баптап өсіреді. Ондай ағаштардың бойы 25 см-ден 1 метрге дейін жетеді.

Қызық дерек: жапон тілінен аударғанда «бонсай» «табаққа отырғызылған» деген мағынаны білдіреді. Бонсайдың алғашқы көрмесі 1914 жылы Токиода өтті. XXI ғасырға дейін бонсай туралы әлемнің 26 тілінде 1200-ден астам кітап жазылды. Қазіргі таңда бонсайды өсірудің ресми 12 түрі бар.

Негізі, үйдегі бонсай иелеріне дұрыс шешім қабылдауға және қателіктерден аулақ болуға көмектеседі деген сенім бар. Оның тағы бір ерекшелігі ол жамандықты тез сезіп қойып, соған қатты қайғырып, ауырып қалуы. Оған дәлел : Жапонияда өсетін, әлемдегі ең көне бонсай. Ол қазірдің өзінде 500 жастан асқан. Сирек кездесетін өсімдікті оны отырғызған билеушінің атымен «үшінші буын Токугава қарағайы» деп атайды. Бірақ, өсімдік Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін, ауырып, қалпына келе алмай жатыр екен.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.